

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
БАЛЫК ТҮРКІ НЕМІСЕТТЕК ТІРКЕУДІН  
№ 24157-1910 АК 500 түркінде  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
• 22 - 11 2005 г.  
Свидетельство № 24157-1910 АО

**БАТЫС**  
**транзит**

1  
Казакстан Республикасы  
Әдәт Министрлігі  
Алматы қаласы  
Әдәт Департаменті  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМДЕКЕТТІК ТІРКЕУ  
2005 ж. 22 11 жүргізілді.  
ЕСН 0511400000619

«Батыс транзит» АҚ  
акционерлердің Жалпы  
жиналысы  
2009 жылдың «28» қазан  
шешімімен бекітілген  
№ 9 хаттама

## “БАТЫС ТРАНЗИТ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ

# ЖАРҒЫСЫ

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
БАЛЫК ТҮРКІ НЕМІСЕТТЕК ТІРКЕУДІН  
№ 24-12 30475  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
ПРИКАЗ № 24-12 30475  
9

Алматы қаласы, 2009

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. “Батыс транзит” акционерлік қоғамының осы Жарғысы (әрі қарай – Қоғам) оның аталуын, орналасу орнын, құрылу тәртібін және оның мүшелерінің құзіреттілігін, оның қызметінің қайта құрылу және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін анықтайды.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: акционерное общество “Батыс транзит”.

1.3. Қоғамның қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: “Батыс транзит” АҚ;
- орыс тілінде: АО “Батыс транзит”.

1.4. Қоғамның атқарушы мүшесінің орналасу орны: - Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 162 –Ж.

## **2. Қоғамның заңды мәртебесі**

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансқа, банктік шотқа ие, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттерді жүзеге атқара алады, міндеттемелерді алып жүргуге, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғам өз қызметтерін жүзеге асыруға қажетті мөрге, өз атауы жазылған бланктарға және өзге де деректемелерге ие.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Негізгі заңын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік Қоғамдар туралы» Заңын (әрі қарай – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларында орнатылған ретте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқықты.

2.5. Қазақстан Республикасының заңды актілерінде ескерілген ретте Қоғам оның орналасқан орнынан тыс дербес бөлімшелер (өкілдіктер) құруға құқықты. Дербес бөлімшелер (өкілдіктер) заңды тұлға болып табылмайды және олар туралы ережелер негізінде Қоғамның атынан және Қоғамның тапсырмасы бойынша қызмет етеді.

## **3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі**

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлігінің ширегінде жауапты болады.

3.2. Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауапты болмайды және Қоғамның қызметімен байланысты, Қазақстан Республикасының заң актілерінде ескерілген жағдайларды қоспағанда, олардың меншігіндегі акциялар құнының ширегінде шығындар қауіпін алыш жүреді.

3.3. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

#### **4. Қоғамның негізгі қызмет түрлері**

4.1. Негізгі қызмет түрлері келесілер болып табылады:

- 1) электрлік энергияны үлестіру және беру бойынша қызмет көрсету;
- 2) электрлік желілерді және подстанцияларды пайдалану;
- 3) құрылыш- жөндеу жұмыстары;
- 4) ағымдағы заңнамаларға қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлері.

Лицензиялануға жататын қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Қоғам орнатылған заң тәртібінде лицензия алуға міндетті.

#### **5. Қоғам акционерлерінің құқықтары**

5.1. Қоғам Акционерлері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Қоғамның осы Жарғысымен ескерілген ретте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) үлеспайда алуға;
- 3) Акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғамның осы Жарғысымен анықталған ретте Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын куәландыратын үзінді алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлауға талапкерлерді ұсыну;
- 6) Қоғам мүшелері қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулар беру және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күн аралығында дәлелді жауаптар алу;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне;
- 9) Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамалары және осы Қоғам Жарғысымен орнатылған ретте Қоғамның акцияларын немесе басқа бағалы қағаздарын, оның акцияларына конвертацияланатын, үстемді сатып алуға.

5.2. Сонымен бірге ірі акционер келесіге құқылы:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысының жиналуды талап етуге немесе директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы

жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда оның шақырылуы туралы сотқа арыз беру;

2) Ағымдағы заңнамалардың талаптарына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосуды директорлар Кеңесіне ұсыну;

3) Директорлар Кеңесінің мәжіліске шақырылуын талап ету;

4) өз есебінен аудиторлық ұйыммен Қоғамға аудит жүргізуі талап ету.

5.3. Қоғамның артықшылығы бар акцияларына ие болған Акционер, Қоғамды басқаруға қатысу құқығына ие, егер:

1) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышы артықшылығы бар акциялар иегерінің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімге ие болатын сұрақтар қарастыруы мүмкін. Мұндай мәселелердің шешімі тек орналастырылған (сатып алғандарды қоспағанда) артықшылығы бар акциялар иегерлерінің жалпы санының үштен екі бөлігі шектеуге дауыс берген шартпен шешім қабылданған деп есептелінеді;

2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышы Қоғамды қайта құру не болмаса тарату туралы мәселелерді қарастырады;

3) Артықшылығы бар акциялар бойынша үлеспайданы төлеу үшін бекітілген мерзім өткен күннен кейін үш ай ішінде толық көлемде өтелмеген. Мұндай жағдайда акционер - артықшылығы бар акцияның меншік иегерінің Қоғамды басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылығы бар акциялар бойынша үлеспайда толық мөлшерде өтелген күннен бастап тоқтайды.

5.4. Акционерлер – артықшылығы бар акцияның меншік иелері кепілдендірілген мөлшерде үлеспайданы алуға қарапайым акциялардың меншік иегерлері – акционерлер алдында артықшылық құқықтарға ие, бұл осы Жарғының 7.3. б. көрсетілген және Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамаларының реті бойынша Қоғам таратылған кезде оның мүлігінің бөлігіне ие болуға құқықты.

5.5. Қоғам Жарғысымен бекітілген акционердің құқығына шектеу қоюға жол берілмейді.

5.6. Миноритарлы акционер – акционерлердің Жалпы жиналышының күн тізбегінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғамның тіркеушісіне қатынас құруға құқылы.

Миноритарлы акционердің қатынас құру реті және басқа акционерлерге Қоғам тіркеушісімен ақпараттың таралуы бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлар жүйесін жүргізу бойынша келісім шартпен орнатылады.

5.7. Қоғамның бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алуға Қоғам акционерлерінің құқықтарын жүзеге асыру реті мемлекеттің уәкілетті мүшелерімен орнатылады, олар бағалы қағаздар нарығын қадағалайды және реттеуді жүзеге асырып отырады.

## **6. Қоғамның мүлігі және капиталы**

6.1. Қоғам мүлігі келесілерден қалыптасады:

- 1) Қоғам акцияларын төлеуге акционерлермен берілген мүлік;
- 2) Оның қызметі нәтижесінен алынған пайдалардан;
- 3) Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүліктер.

6.2. Қоғамның Жарғылық капиталының ұлғаюы Қоғам акцияларының жарияланған орналасуы арқылы жүзеге асырылады.

## **7. Акциялар, облигациялар. Бағалы қағаздарды жайғастыру шарттары.**

7.1. Қоғам қарапайым акциялар не болмаса қарапайым және артықшылығы бар акцияларды шығаруға құқықты. Акциялар құжатсыз түрлішінде шығарылады.

7.2. Қарапайым акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқық береді, дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауда дауыс беру құқығына ие болуға құқық береді, акционерлердің Жалпы жиналысының сәйкес шешімі негізінде Қоғамның таза пайdasы болған жағдайда үлеспайды алу құқығы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалары бекіткен ретте Қоғам таратылған кезде оның мүлігінің бөлігіне иегер болу құқығын береді.

Қоғамның қарапайым акциялары бойынша үлеспайдаларды өтеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

7.3. Қоғамның артықшылығы бар акциясы келесі құқыктарды береді:

- 1) Қарапайым акция ұстаушы акционерлер алдында артықшылық құқық береді, ол 500 (бес жүз) теңге көлеміндегі үлеспайды алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекіткен ретте Қоғам таратылған кезде мүлік бөлігін алу.

Артықшылығы бар акциялардың үлеспайдаларын өтеу периодтылығы – жылдан бір рет.

7.4. Акцияларды айналдыру, жайғастыру, шығару реті мен шарттары, сонымен қатар қарапайым акциялар бойынша үлеспайдаларды өтеу акцияларды шығару бағдарламасымен бекітіледі.

7.5. Қоғам конверттегін бағалы қағаздарды шығаруға құқықты.

7.6. Қосымша амалдарды қатыстыру үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес облигациялар шығаруға құқықты.

Облигацияларды айналдыру, жайғасыту және шығару реті мен шарттары, олар бойынша сыйақыларды өтеу, облигациялардың орнын толтыру және олардың сатылуынан түскен амалдарды пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және облигацияларды шығару бағдарламасымен анықталады.

## **8. Таза пайданы үлестіру тәртібі. Акциялар бойынша үлеспайда**

8.1. Қоғамның таза пайдалы (бюджетке міндепті төлемдерді және салықтарды өтегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады және акционерлердің Жалпы жиналысы шешімімен анықталған тәртіпте үлестіріледі, оның ішіне үлеспайданы төлеу де кіреді. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен алдын ала ескерілген басқа мақсаттарға бағытталады.

Акционерлердің Жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша қарапайым акциялардың үлеспайдаларын төлеу орындылығы туралы шешімді қабылдауға құқықты.

Қоғамның артықшылығы бар акциялары бойынша үлеспайдаларды төлеу Қоғам мүшелерінің шешімін талап етпейді.

Қоғамның артықшылығы бар акциялары бойынша үлеспайдаларды бағалы қағаздармен өтеуге жол берілмейді.

Қоғамның өзімен жайғастырылған және сатып алынған акциялар бойынша үлеспайдалар төленбейді және саналмайды, сонымен қатар сот немесе акционерлердің Жалпы жиналысымен оның таратылуы туралы шешім қабылданса, үлеспайдалар төленбейді және саналмайды.

8.2. Қоғамның артықшылығы бар және қарапайым акциялары бойынша үлеспайдалар келесі жағдайларда саналмайды:

- 1) Жеке капиталының теріс мөлшерінде немесе егер, Қоғамның жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша үлеспайдаларды төлеу нәтижесінде теріс мәнге ұшырайтын болса;
- 2) Қазақстан Республикасының банкротттық туралы заңнамаларына сәйкес егер ол төлеуқабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не болмаса аталған белгілер оның акциялары бойынша үлеспайдаларды санау нәтижесінде Қоғамда пайда болса.

## **9. Қоғам мүшелері**

Қоғам мүшелері:

- 1) жоғарғы мүше – акционерлердің Жалпы жиналысы;
- 2) басқару мүшесі – директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы мүше – Басқарма, ол Басқарма Төрағасымен – Қоғамның Бас Директорымен (әрі қарай Жарғының мәтіні бойынша – Басқарма Төрағасы) басқарылады;
- 4) Қоғамның қаржылық – шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын мүше – Ішкі аудит Қызметі.

## **10. Акционерлердің жалпы жиналысы**

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып екіге бөлінеді.

Қоғам жылдық акционерлердің Жалпы жиналышын жыл сайын өткізуге міндettі. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышы қаржылық жыл аяқталуы бойынша бес ай ішінде өткізу керек. Егер есептік периодта Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаса, аталған мерзім үш айға дейін шекті деп есептелінеді.

10.3. Акционерлердің Жылдық жиналышында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза пайдасын үлестіру реті және Қоғамның бір қарапайым акциясының есебінен үлеспайда мөлшері анықталады;
- 3) Қоғам қызметтерінің және оның лауазымды тұлғаларына акционерлердің қатынас құру мәселесі қарастырылады және қарастыру қорытындылары шығарылады.

Директорлар Кеңесінің Төрағасы Қоғам акционерлерін директорлар Кеңесінің мүшелерінің және Қоғамның атқарушы мүшесінің мөлшері және сыйақы құрамы туралы хабардар етеді.

Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналышы басқа сұраптарды да талқылауға құқықты, олар бойынша шешім қабылдау Жалпы жиналыш акционерлерінің құзіреттілігіне жатқызылған.

10.4. Акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіреттілігіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) Қоғамның өз еркімен қайта құрылуы немесе таратылуы;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған акцияларының орналаспаған түрінің өзгеруі;
- 4) Корпоративті басқару Кодексін бекіту, сонымен қатар оған кіретін өзгерулер мен толықтырулар;
- 5) Қоғамның конвертиренетін бағалы қағаздар реті мен шарттарын анықтау, сонымен қатар олардың өзгеруі;
- 6) Есептік комиссияның өкілеттілік мерзімін және санық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін уақытынан бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімін және санық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін уақытынан бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйимды анықтау;
- 9) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

- 10) Есептік қаржылық жылға Қоғамның таза пайдасын үлестіру ретін бекіту, қарапайым акциялар бойынша үлеспайдаларды төлеу туралы шешімді қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясы есебінен үлеспайда мөлшерін бекіту;
- 11) Заңың 22 бабының 5 тармағында алдын ала ескерілген жағдай пайда болғанда Қоғамның қарапайым және артықшылығы бар акциялары бойынша үлеспайдаларды төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 12) Қоғам акцияларының өз еркімен делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғам меншігіндегі барлық активтердің жиырма бес пайызын құрайтын немесе одан да жоғары пайыздары активтер бөлігін немесе бірнеше бөліктерін өзге заңды тұлғаларға беру арқылы қызмет немесе заңды тұлғаларды құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 14) Акционерлердің Жалпы жиналышы шақырылуы туралы Қоғамның акционерлерді хабардар ету үлгісін анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 15) Заңға сәйкес Қоғаммен шығарылатын акциялардың күнин анықтау әдістемесіне (әдістемені бекіту, егер ол құрылтайшы жиналышымен бекітілмеген болса) өзгертулерді бекіту;
- 16) Акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 17) Қоғам қызметі туралы ақпаратты акционерлерге ұсыну ретін анықтау, соның ішінде егер мұндай рет Қоғам Жарғысымен анықталмаған болса, онда бұқаралық ақпарат амалдарын анықтау;
- 18) «алтын акцияларды» енгізу және олардың күшін жою;
- 19) өзге де мәселелер, олардың шешімдері Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналышының ерекше құзіреттілігіне жатқызылған.

10.5. 10.4 тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі Қоғам акцияларының жалпы дауыс беру санының мамандандырылған басым бөлігімен қабылданады.

Өзге сұрақтар бойынша акционерлердің Жалпы жиналышының шешімі Қоғам акцияларының жалпы дауыс беру санының қарапайым дауыс санының басым бөлігімен қабылданады, егер Заңмен немесе Қоғам Жарғысымен өзгесі бекітілмеген болса.

10.6. Ашық ретте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналышында Қоғамның коммерциялық құпиялығынан тұрмайтын мәселелерді талқылаған кезде Қоғам акционерлеріне жатпайтын тұлғалар қатысып, сөз сөйлей алады. Аталған тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге қатыса алмайды.

10.7. Акционерлердің Жылдық жалпы жиналышы директорлар Кеңесімен шақырылады.

10.8. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналышы ықылас бойынша шақырылады:

- 1) директорлар кеңесімен;
- 2) ірі акционермен.

Оз еркімен таратылу процессіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен өткізілген, дайындалған және шақырылған болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңды актілерімен акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысына міндетті шақыру жағдайлары алдын ала ескерілуі мүмкін.

10.9. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және өткізу келесілермен жүзеге асырылады:

- 1) атқарушы мүшемен;
- 2) Қоғам тіркеушісімен, онымен отырғызылған келісім шартқа сәйкес;
- 3) директорлар кеңесімен;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясымен.

Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын, Заңмен бекітілген жағдайларды қоспағанда, Қоғам өтейді.

10.10. Заңмен бекітілген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының шақырылу реті Қоғам мүшелерімен бұзылған жағдайда, кез келген қызығушылық танытқан тұлғаның арызы бойынша қабылданған акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысы сот шешімінің негізінде өткізілген және шақырылған болуы мүмкін.

Егер Қоғамның ірі акционерінің акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын Қоғам мүшелері орындаған болса, Қоғамның ірі акционерінің арызы бойынша қабылданған акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы сот шешімінің негізінде өткізілген және шақырылған болуы мүмкін.

10.11. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Қоғамның атқарушы мүшесінің орналасу орны бойынша дайын және қол жетерліктей болу керек, материалдар жиналыс өту күнінен он күн бұрын акционерлердің олармен танысуы үшін дайын болу керек, ал егер акционерлерде сұрақ туындаған болса, сұрақ алынған күннен үш жұмыс күні ішінде жөнелтілу керек; құжаттардың көшірмесін дайындау шығындары және құжаттарды қажетті жерге жеткізу шығынын Қоғам өтейді.

10.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында басылып шығарылған не болмаса оларға жөнелтілген болу керек. Егер Қоғам акционерлерінің саны елуден аспайтын болса, акционерге жазбаша хабарлама бағыттау арқылы жеткізілген болу керек.

10.13. Акционерлердің Жалпы жиналысы барысында өткізілген дауыс беру нәтижелері Жалпы жиналыста жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде әр акционерге жазбаша хабарлама беру арқылы жеткізіледі.

## 11. Директорлар Кеңесі.

11.1. Қоғам қызметін жалпы басқару, мәселелердің шешімін қоспағанда, Заңға және осы Жарғыға жатқызылған акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзіреттілігі Қоғамның директорлар Кеңесімен жүзеге асырылады.

11.2. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналышының шешімі бойынша директорлар Кеңесінің мүшесі олармен өздерінің функционалды міндеттерін орындау периодында сыйақылар төленеді және Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшесі қызметін атқаруға байланысты барлық шығындар өтеледі. Мұндай сыйақы және өтеулер мөлшері акционерлердің Жалпы жиналышымен орнатылады.

Директорлар кеңесі өз қызметін осы Жарғыға, корпоративті басқару Кодексі, директорлар Кеңесі туралы ережелерге және Қоғамның өзге де ішкі күжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

11.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзіреттілігіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің артықшылық бағыттарын анықтау;
- 2) Акционерлердің кезектен тыс және жылдық Жалпы жиналыштарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Жарияланған акциялар сан мөлшері ширегінде жайғастырылған (сатылған) акциялар саны туралы, оларды жайғастыру (сату) амалы және бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғаммен жайғастырылған акциялар немесе бағалы қағаздарды сатып алу туралы және олардың сатып алу құны туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау;
- 7) Атқарушы мүшениң өкілеттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін уақытынан бұрын тоқтату;
- 8) Қызметтік акы мөлшерлерін және еңбек акы төлеу шарттарын және Атқарушы мүшениң басшысы мен мүшелеріне сыйақы беруді анықтау;
- 9) Ішкі аудит Қызметінің өкілеттілік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін уақытынан бұрын тоқтату, Ішкі аудит Қызметінің жұмыс ретін анықтау, еңбек акы төлеу шарттары мен мөлшерін және Ішкі аудит Қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беруді анықтау;
- 10) Корпоративті хатшыны тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін уақытынан бұрын тоқтату, сонымен қатар оның қызметтік ақысының мөлшерін және Корпоративті хатшының сыйақы алу шарттарын анықтау;

- 11) Аудиторлық үйім, сонымен қатар мұліктің нарыктық құнына баға беретін бағалаушы қызметінің төлем ақы мөлшерін анықтау, бұл мұлік Қоғам акцияларын төлеу үшін берілген не болмаса ірі мәміле пәні болып табылады;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (оның ішіне Қоғам қызметін үйімдастыру мақсатында атқарушы мүшемен қабылданатын құжаттар жатпайды), соның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарын жаздыру және жарыс сауда өткізу реті мен шарттарын бекітетін ішкі құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғамның дербес бөлімшелерін және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Басқа заңды тұлғалардың Қоғаммен тоғыз және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамға тиесілі он және одан да көп пайыз акциясы бар (жарғылық капиталға қатысу үлесі) заңды тұлға қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдау, бұл мәселелер акционерлердің (қатысушылардың) Жалпы жиналысының құзіреттілігіне жатады;
- 16) Қоғам міндеттемелерін өзінің капиталынан он және одан да көп пайызды құрайтын шамаға көтеру;
- 17) Бұрынғы Қоғам тіркеушісімен келісім бұзылған жағдайда Қоғам тіркеушісін таңдау;
- 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау, ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге құпия;
- 19) Ирі келісімдерге және келісімге отыру нәтижесінде Қоғам өз қызығушылығын қанағаттандыратын келісімдерге отыру туралы шешім қабылдау;
- 20) Корпоративті басқару Кодексін алдын ала қарастыру, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу және акционерлердің Жалпы жиналысында талқылауға ұсыну;
- 21) Қоғам Басқармасы Қоғам қызметі туралы ақпаратты директорлар Кеңесіне ұсыну ретін және ұсыну мерзімін бекіту, оның ішіне қаржылық қызмет туралы ақпарат та кіреді;
- 22) Жылдық бюджетті бекіту.
- 23) Заңмен және Қоғам Жарғысымен алдын ала ескерліген өзге де мәселелер, олар акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіреттілігіне жатпайды.

Сұрақтар, осы Жарғының 11.3. тармағында бекітілген тізімі атқарушы мүшениң шешімі үшін ұсынылмайды.

11.4. Қоғам Жарғысына сәйкес оның атқарушы мүшесінің құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша директорлар Кеңесі шешім қабылдау құқығына иесіз, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысы шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға да құқықсыз.

11.5. Қоғамның директорлар Кеңесін сайлау реті Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесі мүшелерін таңдау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер директорлар Кеңесінің мүшелік болғысы келетін бірнеше кандидаттар арасында немесе толығымен бір кандидатқа оның меншігіндегі акциялар бойынша дауыс беруге құқықты. Директорлар Кеңесіне сайланған кандидаттар деп ең көп дауыс жинағандар есептелінеді. Егер директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидаттар бірдей дауыс жинаған болса, мұндай кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

11.6. Директорлар Кеңесінің мүшесі болып Қоғам акционері болып табылмайтын және акционер мүдделерін өкілдеу ретінде директорлар Кеңесіне таңдауга ұсынылмаған (кеңес берілмеген) физикалық тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай тұлғалардың сан мөлшері директорлар Кеңесінің елу пайзынан аспау керек.

11.7. директорлар Кеңесінің мүшесі келесі тұлғалар бола алмайды:

- 1) Жоғары немесе орта арнайы білімі жоқтар;
- 2) өтелмеген немесе орнатылған заңды ретте мойнынан алынбаған сottalғандыққа ие болғандар;
- 3) Бұрын заңды тұлғаның басқарушы қызметкері болған, осы тұлғаның басқаруы кезінде заңды тұлға банкрот деп танылған немесе консервацияға, санацияға, құштеп таратуға ұшыраған болса, банкроттық, консервация, құштеп тарату туралы шешім қабылдаған күннен бес жыл аралығында мүше бола алмайды.

11.8. Басқарма Мүшелері, оның басшысын қоспағанда, директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

11.9. Қоғамның директорлар Кеңесі Төрағаны қосқанда директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың әр қайсысы дауыс бергенде бір дауыс құқығына ие. Қоғамның директорлар Кеңесінің мүшелерінің үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болу керек.

11.10. директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітіледі.

Директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу мезетінде аяқталады, онда жаңа директорлар Кеңесін сайлау жүргізіледі.

11.11. Акционерлердің Жалпы жиналысы директорлар Кеңесінің мүшелерінің барлығына немесе жеке біреуіне өкілеттіліктерді алдын ала бекітуге құқықты.

11.12. директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіліктерін уақытынан бұрын тоқтату оның өз қалауы бойынша директорлар Кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады.

Мұндай директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттілігі директорлар Кеңесі аталған хабарламаны алған мезеттен тоқтатылады.

11.13. директорлар Кеңесі мүшесінің уақытынан бұрын өкілеттілігі тоқтаған жағдайда директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивті бауыс беру

арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар жаңадан сайланған директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілеттілігі жалпы директорлар Кеңесінің өкілеттілік мерзімімен бірдей аяқталады.

11.14. директорлар Кеңесінің Төрағасы құпия дауыс беру арқылы директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санынан дауыс басымдылығымен мүшелер арасынан сайланады.

Директорлар Кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқықты.

11.15. директорлар Кеңесінің Төрағасы директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оларға төрелік етеді, мәжілісте хаттама жүргізуін ұйымдастырады.

11.16. директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда директорлар Кеңесінің шешімі бойынша оның қызметтерін директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

11.17. директорлар Кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар Кеңесін басқаруға жауапты, оның жауапты салаларының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, акционерлердің Жалпы жиналысымен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;
- 2) Қоғам атынан Қоғам Басқармасының Төрағасымен еңбек келісім шартына отырады;
- 3) Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында Қоғам акционерлеріне директорлар Кеңесі мүшелерінің және Қоғам Басқармасының сыйақы құрамы және мөлшері туралы ақпарат береді;
- 4) Акционерлердің Жалпы жиналысын Қоғамның директорлар Кеңесінің қызметі туралы жыл сайын ақпарат береді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, осы жарғымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен ескерілген өзге мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

11.18. директорлар Кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғамның атқарушы мүшесінің ықыласы бойынша не болмаса келесі талаптар бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) директорлар Кеңесінің кез қелген мүшесімен;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметімен;
- 3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен;
- 4) Iрі акционермен.

11.19. директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап директорлар Кеңесінің Төрағасына сәйкес жазбаша өтінішті бағыттау арқылы қойылады, онда директорлар Кеңесі мәжілісінің болжамды күн тәртібі ұсынылады.

11.20. Мәжілісті шақырудан директорлар Кеңесінің Төрағасы бастартқан жағдайда, ықылас білдіруші Қоғамның атқарушы мүшесіне аталған талаппен қатынас құруға құқықты, соғысы директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

11.21. директорлар Кеңесінің мәжілісі директорлар Кеңесінің

Төрағасымен немесе Қоғамның атқаруши мүшесімен шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақырылған болу керек. Мәжіліс аталған талапқа ықылас білдірген тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы жүргізіледі.

11.22. Директорлар Кеңесінің мәжілісі өтетіні туралы директорлар Кеңесінің мүшелерін хабардар ету реті Қоғамның директорлар Кеңесімен анықталады.

11.23. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызынан артығын құрайды. Директорлар Кеңесінің шешімі мәжіліске қатысып отырған директорлар Кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыс санының басымдылығымен қабылданады. Дауыс санының теңдігінде директорлар Кеңесі Төрағасының дауысы немесе директорлар Кеңесінде төрелік етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

11.24. Директорлар Кеңесінің қызметін ұйымдастыру реті Заңға сәйкес бекітіледі, соның ішінде:

- 1) Оның өкілеттілік құрамы және мерзімі;
- 2) Мәжілісті шақыру және өткізу реті;
- 3) Дауыс беру тәртібі және мәжіліс хаттамасын рәсімдеу тәртібі.

11.25. Директорлар Кеңесінің шешімі директорлар Кеңесінің талқылауына шығарылған сұрақтар бойынша сырттай дауыс беру амалы арқылы қабылануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру директорлар Кеңесін шақыруға ықылас құқығы бар тұлғалардың ықыласы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар Кеңесі Төрағасына (ал ол сырттай дауыс беруден бас тартқан жағдайда атқаруши мүшеге) ұсынылады. Дауыс беруге қойылған сұрақ (сұрақтар) нақты және бір мәнді құрастырылған және жазбаша ұлгіде болу керек.

Сырттай дауыс беруді жүргізгенде дауыс беруге арналған бюллетендер бір ұлгіде жасалған және дауыс беруге шығарылған сұрақ (сұрақтар) бойынша материалдар дауыс беруді жүргізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей барлық директорлар Кеңесі мүшелеріне таратылады (беріледі).

Бюллетень келесілерден тұру керек:

- 1) Қоғамның атқаруши мүшесінің толық аталуы және орналасқан жері;
- 2) Дауыс беруге шығарылған сұрақтарының ұлгілері және әр сұрақ бойынша шешімдер;
- 3) әр сұрақ бойынша дауыс беру нұсқалары: “Иә”, “қарсы”, “тартынған”
- 4) “ескертпе” бағанасы;
- 5) Толтырылған бюллетендер жөнелтіletіn пошталық мекен жай;
- 6) бюллетендерді қабылдау күнінің соңғы мерзімі.

Директорлар Кеңесінің сырттай мәжіліс шешімі жазбаша турде рәсімделеді, оған директорлар Кеңесі мүшелерінен келіп түскен бюллетендер қосымша ретінде тіркеледі.

11.26. Күндізгі ретте өткізілген Директорлар Кеңесінің мәжілісінде қабылданған шешімдер Заңға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес рәсімделеді.

## 12. Басқарма

12.1. Басшылық Қоғамның ағымдағы қызметі арқылы атқарушы мүшесі - Басқарманы жүзеге асырады, ол Қоғам қызметінің қоғамның лауазымды адамдар мен басқа мүшелер құзіретіне Қоғам жарғысы мен Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен қарастырылмаған кез-келген мәселесі бойынша шешім қабылдайды.

Атқарушы мүше директорлар Кеңесі мен акционерлердің Жалпы жиналышының шешімін орындауға міндетті.

12.2. Басқарма мүшелері болып оның акционерлері болмайтын қоғамның жұмыскерлері мен акционерлері табылуы мүмкін.

Басқарма З (үш) мүшеден тұрады.

12.3. Басқарма мәжілісі Басқарма мүшелерінің кез-келгенінің ықыласы бойынша, және де ішкі аудиттің қызметі бойынша шақырылады.

Басқарма шешімі басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданып хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға осы мәжілістегі қатысатын барлық Басқарма мүшелерінің қолдары қойылады.

12.4. Басқарма мүшелері мен Төрағасын сайлау, олардың өкілдік мерзімі, өкілдігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы осы Жарғымен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес директорлар Кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

12.5. Басқарманың тікелей басқару қызметін Басқарма Төрағасы жүзеге асырады.

Басқарма Төрағасы:

- 1) Директорлар Кеңесі мен акционерлердің Жалпы жиналышының шешімінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Үшінші жақпен қарым-қатынаста қоғамның атынан сенімхатсыз қызмет етеді;
- 3) Қоғамның ұсынысының құқығына оның үшінші жақпен қатынасында сенімхат береді;
- 4) Қабылдауды жүзеге асырады, қоғамның қызметкерлерін орнын ауыстыру мен жұмыстан босату жұмыстарын (Заңмен бекітілген жағдайларда), оларға мадақтау шектері мен тәртіптік шаралар қолданады, қоғам жұмыскерлерінің қызмет ақысының мөлшерін қоғамның штаттық тәртібімен сәйкес жалақысын бекітеді, атқарушы мүше құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа Қоғам жұмыскерлерінің, корпоративті хатшы мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің көтерме сыйақыларының мөлшерін анықтайады;

- 5) Міндеттерді және де Басқарма мүшелерінің арасындағы жауапкершілік пен өкілеттік өрісін орналастырады;
- 6) Өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиынының қарауы үшін қажетті материалдар мен ұсыныстарды дайындау жұмыстарын жүзеге асырады және осы мүшелердің қабылдаған шешімдерінің орындалуын қамтамасыздандырады;
- 8) Қоғамның мақсатына жетуіне қажетті жарғыға сәйкес акционерлердің жалпы жиынына, директорлар кеңесіне тұра бекітілгенен басқа кез-келген басқа әрекеттер жасайды;
- 9) Директорлар Кеңесінің және акционерлердің Жалпы жиыналысының шешімімен, Қоғам жарлығымен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12.6. Басқарма Төрағасы акционерлердің Жалпы жиыналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерінің мүлтіксіз орындалуына жауап береді.

12.7. Басқарма Төрағасы басқа занды тұлғаның, атқарушы мүшенің функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе орындаушы мүше жетекшісінің қызметін атқаруға құқығы жок.

### **13. Ішкі аудит қызметі.**

13.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі түзіледі.

13.2. Қоғамның ішкі аудит қызметі 3 (үш) мүшеден тұрады және Қоғамның оқшауланған бір бөлігі болып табылады.

13.3. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Қоғамның атқарушы мүшесіне және директорлар Кеңесі мүшесіне сайланада алмайды.

13.4. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар Кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы жайында есеп береді. Ішкі аудит қызметінің мақсаттары мен функциялары және оның жұмыс тәртібі директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы қағидасымен анықталады.

13.5. Қоғам мен ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасындағы қызметтік қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері бекіткен қазіргі жарғы мен еңбектік келісім шарттармен реттеледі.

### **14. Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі**

14.1. Қоғам өз акционерлеріне осы Жарғыға және Занға сәйкес Қоғам акционерлерін қызықтыратын қоғам қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Қоғам мен оның акционерлері Қазақстан Республикасының заң актілерімен сәйкес міндетті түрде жарияланатын өз жарнамаларын және

басқа да ақпараттарды жариялау үшін басылымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түрде анықталады. Қоғамның қызметті туралы ақпарат «Егемен Казахстан» немесе «Казахстанская правда» немесе «Экспресс К» немесе «Время 64» республикалық газеттерде жарияланады.

14.2. Акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Заңмен ескерілген құжаттар көшірмесін беруге міндetti.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, жайғастыру, айналымы мен конверттеу мәселелерін регламенттейтін коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия құжаттар акционерге оның талабы бойынша танысу үшін берілу керек.

14.3. Қоғам қызметкерлерін қызықтыратын Қоғам қызметті туралы ақпаратты беру осы Жпрғыға және Занға сәйкес жүзеге асырылады.

14.4. Акционер ақпаратты алу мақсатында Қоғамның атқарушы мүшесіне жазбаша түрде үндеу салады. Акционер үндеуі Қоғамның кіріс құжатын енгізу журналында тіркелуі керек. Қоғам акционерге талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелері) үндеу салғаннан бастап құнтізбе бойынша отыз күн ішінде берілуге міндetti.

Құжат көшірмелерін бергені үшін төлемакы мөлшерін Қоғам бекітеді және акционерге құжаттарды жеткізуге байланысты шығын төлемдері мен құжат көшірмелерін дайындауға кеткен шығын құнынан аспауы керек.

## **15. Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және акционерлермен олардың аффилиренген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі**

15.1. Қоғам аффилиренген тұлғалардың (тек қана өкілетті мүше бекіткен тәртіпте Қоғамның ірі акционерлері болып табылатын тұлғаға қатысты) немесе Қоғам тіркеушісі берген мәліметтер негізінде осы өз тұлғаларының есебін жүргізеді.

Қоғамның аффилиренген тұлғалары туралы ақпарат қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпарат болып табылмайды.

15.2. Қоғам өз аффилиренген тұлғаларының тізімін өкілетті мүшеге олар бекіткен тәртіпте беруге міндetti.

15.3. Қоғамның аффилиренген тұлғасы болып табылатын физикалық немесе заңды тұлғалар Қоғамға аффилирену болған күннен бастап жеті күн ішінде өз аффилиренген тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндetti.

15.4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпиядан тұратын мәліметке ие Қоғам жұмыскерлерінің тізімін міндetti түрде енгізуді қамтамасыздандырады.

## 16. Қоғам қызметінің тоқтау шарттары

16.1. Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамаларымен ескерілген өзге де негіздерге байланысты қайта құрылуы және таратылуы мүмкін.

16.2. Қоғамның қайта құрылу және таратылу реті Заңмен және өзге де Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерімен реттеледі.

## 17. Қорытынды ереже

17.1. Осы Жарғымен реттелмегендердің барлығында Қоғам Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерін басшылыққа алады.

17.2. Осы Жарғы орнатылған заң ретімен оның мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне ие болады..

Басқарма Төраға –  
Қоғамның Бас директоры



Жеке  
Айдар

Ке жеке отыч

А. Искаков



Утвержден  
решением Общим  
собранием акционеров  
АО «Батыс транзит»  
от 28 октября 2009 года  
протокол № 9

**АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
“БАТЫС ТРАНЗИТ”**

**УСТАВ**

город Алматы, 2009

## **1. Общие положения**

1.1. Настоящий Устав акционерного общества “Батыс транзит” (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Полное наименование Общества:

- на государственном языке: “Батыс транзит” акционерлік қоғамы;
- на русском языке: акционерное общество “Батыс транзит”.

1.3. Сокращенное наименование Общества:

- на государственном языке: “Батыс транзит” АҚ;
- на русском языке: АО “Батыс транзит”.

1.4. Местонахождение исполнительного органа Общества: - Республика Казахстан, 050008, город Алматы, Алмалинский район, улица Шевченко, 162-Ж.

## **2. Юридический статус Общества**

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных Обществах» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

2.4. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

